

Жер учаскесіне шектеулі нысаналы пайдалану (қауымдық сервитут) құқығын беру туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы Держинский ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 27 тамыздағы № 3 шешімі

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19-бабы 1-тармағының 1-1) тармақшасына, 69-бабы 4-тармағының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабы 1-тармағының 19) тармақшасына сәйкес Держинский ауылдық округінің әкімі ШЕШТІ:

1. "Солтүстік Қазақстан облысы, Тимирязев ауданы, Держинский ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне, Солтүстік Қазақстан облысы, Тимирязев ауданы, Держинский ауылдық округі, Держинское ауылының аумағында орналасқан су тарату желілеріне қызмет көрсету үшін 49 жыл мерзімге, жалпы ауданы 10,08 гектар жер учаскесіне шектеулі нысаналы пайдалану құқығы (қауымдық сервитут) берілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кешіктірмей күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Н. Жарасбаев